

"Қарағанды қаласының тұрғын үй қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ережесі мен құрылымын бекіту туралы" Қарағанды қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 14 мамырдағы № 20/03 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 11 ақпандағы № 05/10 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 6 наурызда № 3015 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды қаласының әкімдігінің 2016 жылғы 20 сәуірдегі № 16/56 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды қаласының әкімдігінің 20.04.2016 № 16/56 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 1 тармағының 20) тармақшасына және "Қарағанды қаласының атқарушы органдарының құрылымы және штат санының лимиттері туралы" Қарағанды қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 4 ақпандағы № 04/05 қаулысына сәйкес Қарағанды қаласы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қарағанды қаласының тұрғын үй қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ережесі мен құрылымын бекіту туралы" Қарағанды қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 14 мамырдағы № 20/03 қаулысына (нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2665 нөмірімен тіркелді, 2014 жылғы 27 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және 2014 жылғы 5 шілдеде "Индустриальная Караганда" № 115-116 (21636-21637), "Орталық Қазақстан" № 125-126 (21757) газеттерінде жарияланды) келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген құрылым осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

Осы қаулының орындалуын бақылау Қарағанды қаласы әкімі аппаратының басшысы А.И. Оспановқа жүктелсін.

Осы қаулы оның ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Н. Әубәкіров

Қарағанды қаласы әкімдігінің
2015 жылғы 11 ақпандағы
№ 05/10 қаулысына қосымша
Қарағанды қаласы әкімдігінің
2014 жылғы 14 мамырдағы
№ 20/03 қаулысымен бекітілген

"Қарағанды қаласының тұрғын үй қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің

ҚҰРЫЛЫМЫ

№	Санат	Қызмет нөмірі	Қ ы з м е т атауы	Штаттық саны
1	E-R-1	1-5	Мемлекеттік мекеменің басшысы	1
2	E-R-2	1-1	Мемлекеттік мекеменің басшысының орынбасары	1
Ұйымдастырушылық –кадрлық, қаржы жұмысы секторы				
3	E-R-3	2-1	Сектор меңгерушісі	1
4	E-R-4	2-1-1	Бас маман	1
		Барлығы		2
Тұрғын үй секторы				
5	E-R-3	3-1	Сектор меңгерушісі	1
6	E-R-4	3 - 1 - 1 3 - 1 - 2 3-1-3	Бас маман	3
		Барлығы		4
Құқықтық секторы				
7	E-R-3	4-1	Сектор меңгерушісі	1
8	E-R-4	4-1-1	Бас маман	1
		Барлығы		2
		Қорытынды		10